

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС. ЖАҢАНДЫҚ НАРЫҚТАҒЫ БӘСЕКЕ

Халықаралық бизнестегі
бухгалтерлік есеп және қаржы

6-тарау. Халықаралық бизнестің қызметі



Халықаралық бухгалтерлік есеп және халықаралық қаржы өзара байланысты тақырыптар. Осы тақырыптар бойынша біз бухгалтерлік есеп пен қаржыға ерекше назар аударамыз, себебі, олар халықаралық бизнес шеңберінде де, көпұлтты корпорациялар немесе шағын және орта кәсіпкерлік (ШОБ) аясында да функциялар ретінде қолданылады. Осы дәрістің мақсаты – халықаралық есеп және халықаралық қаржы саласындағы, мысалы, көпұлтты корпорацияларда менеджерлерге кездесетін, негізгі мәселелердің техникалық емес шолуын қамтамасыз ету.

Халықаралық бизнестегі қаржылық менеджмент өзара байланысты шешімдердің үш жиынтығын қамтиды: қызметтің қандай түрлерін қаржыландыру керек екендігі туралы инвестициялық шешімдері; осы қызмет түрлерін қалай қаржыландыру керек екендігі туралы қаржыландыру шешімдері; және фирманың қаржылық ресурстарын тиімді басқару туралы қаражатты басқару бойынша шешімдер. Халықаралық бизнесте инвестиция, қаржыландыруды және қаражатты басқару бойынша шешім қабылдау әртүрлі елдердің әртүрлі валюталарының болуы, әртүрлі салық режимдерінің, өз шегаралары арқылы капиталдың қозғалысы туралы түрлі ережелерінің, бизнес-қызметті қаржыландыруға қатысты түрлі нормаларының, экономикалық және саяси тәуекелдердің түрлі деңгелерінің және тағы басқаларының болуына байланысты күрделене түседі. Қаржылық менеджерлер қызметтің қандай түрін қаржыландыру керек, осы белсенділікті қалайша қаржыландыруға болады, фирманың қаржы ресурстарын қалайша оңтайлы басқаруға болатынын және фирманы саяси және экономикалық тәуекелдерден қалайша жақсы қорғауға болатындығы туралы шешім қабылдаған кезде осы факторлардың барлығын ескеруі тиіс.

Бухгалтерлік есеп стандарттарындағы ұлттық айырмашылықтар

Бухгалтерлік есеп оның жұмыс істейтін ортасымен қалыптастырылады. Түрлі елдерде әртүрлі саяси және экономикалық жүйелерге, мәдениеттерге ие болған сияқты, олар тарихи тұрғыда әртүрлі бухгалтерлік жүйелерге де ие. Бұл айырмашылықтардың бірнеше себептері бар. Мысалы, Америка Құрама Штаттары мен Біріккен Корольдік секілді дамыған капитал нарықтарына ие елдерде фирмалар капиталды тарту үшін, әдетте, инвесторларға акциялар немесе облигацияларды шығарады. Өзінің инвестицияларының қайтарымдылығын және мүмкін тәуекелдерді жақсырақ бағалау үшін осы елдерге инвесторлар толық бухгалтерлік есептерді ашуды талап етті. Бухгалтерлік есеп жүйесі осы сұраныстарды қанағаттандыру бағытында дами бастады.

Бухгалтерлік есеп пен аудиттің ұлттық стандарттарында есептің түрлі тәжірибелері бекітілді. Бухгалтерлік есеп стандарттары – қаржылық есептілікті әзірлеу ережелері, олар пайдалы бухгалтерлік есеп ақпаратын анықтайды. Аудит стандарттары аудитті жүргізу ережелерін анықтайды – тәуелсіз тұлға қаржылық есептіліктің талап етілетін бухгалтерлік стандарттарға сәйкес келетініне және олардың сенімді екеніне дәлелдеме жинайтын техникалық процесс.

Бухгалтерлік есеп пен аудит стандарттарындағы ұлттық айырмашылықтардың бір нәтижесі – қаржылық есептерінің бір елден екіншісіне сәйкес келмеуі. Мысалы, голландиялық стандарттар алмастыру активтері үшін ағымдағы құндылықтарды пайдалануға жол береді, ал жапон заңы, әдетте, қайта бағалауға тыйым салады және белгіленген тарихи құнды бекітеді; Ұлыбританияда қаржы лизингін капиталдандыру тәжірибесі талап етілді, бірақ Францияда бұндай қолданылмады; Америка Құрама Штаттарында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық шығындары пайда болған жылы есептен шығарылуы тиіс, бірақ Испанияда олар актив ретінде кейінге қалдырылуы мүмкін және оларды жабуға болатын табыстың болашақта пайда болуы мүмкін болғанша амортизациялауға болмайды; және неміс бухгалтерлері тозуды міндеттеме ретінде қарастырды, ал британдық компаниялар оны активтерден шегеріп тастады.

Трансұлттық қаржыландыру мен инвестициялардың жылдам кеңеюі трансұлттық қаржылық есептіліктің тиісті дамуымен бірге жүрді. Алайда әртүрлі елдердегі бухгалтерлік есеп стандарттары арасындағы сәйкессіздіктің болуы белгілі бір түсінбестіктерге алып келді. Мысалы, біреуі неміс стандарттары бойынша, ал екіншісі американдық стандарттар бойынша дайындалған қаржылық есептердің екі жиынтығын шығарған неміс фирмасы, оның қаржылық жағдайы екі есептерде айтарлықтай ерекшеленетінін анықтады және оның инвесторлары фирманың шынайы құндылығын анықтауда қиындықтарға тап болуы ықтимал.



Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары

Кейінгі жылдары елдер арасында бухгалтерлік стандарттарды үйлестіру үшін елеулі күш жұмсалды. Соңғы үш онжылдықта жаһандық капитал нарықтарының өсуі бұл шаралардың өзектілігін арттырды. Бүгінгі күні көптеген компаниялар өздерінің ұлттық шегараларынан тыс жерлерде капитал жеткізушілерінен қаражат жинайды. Бұл жеткізушілер ақпараттандырылған инвестициялық шешімдерді қабылдай алу үшін қаржылық нәтижелер туралы хабардар етілуін қамтамасыз етуді талап етеді. Сондай-ақ, жалпы бухгалтерлік стандарттарды қабылдау жаһандық капитал нарықтарының дамуын жеңілдететіні туралы түсінік бар, себебі көптеген инвесторлар шегара арқылы инвестиция салуға дайын болады, ал түпкілікті нәтиже капитал құнының төмендеуі және экономикалық өсуді ынталандыру болады. Ұлттық шегаралар арқылы бухгалтерлік есеп тәжірибесін стандарттау әлемдік экономиканың барлық қатысушыларының мүдделеріне тиімді сәйкес келетіні мойындалады.

Қаржылық есептілік бойынша халықаралық стандарттау жөніндегі кеңес (ҚЕХСК – IASB) стандарттаудың негізгі бастамашысы болды. Ол 1973 жылы құрылған Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі комитетінің (ХБЕСК – IASC) орнына 2001 жылдың наурыз айында құрылған. ҚЕХСК Қаржылық есептіліктің Халықаралық стандарттарын (ҚЕХС) әзірлеу үшін жауап береді. Бұрын олар Бухгалтерлік есептің Халықаралық стандарттары (IAS) ретінде белгілі болған. ҚЕХСК, сондай-ақ, бұл стандарттарды жаһандық түрде қолдануды және пайдалануды ынталандырады.

Бақылау жүйелерінің бухгалтерлік аспектілері

Ірі кешенді көпұлтты кәсіпорындарының корпоративтік штаб-пәтерлерінің бір рөлі – ұйым ішіндегі ең жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін бөлімшелерді басқару. Типтік фирмада бақылау процесі жылдық болып табылады және үш негізгі қадамды қамтиды: (1) Бас кеңсе мен қосалқы басқармалар бірлесіп алдағы жылға арналған қосалқы мақсаттарды анықтайды; (2) жыл бойы бас офис келісілген мақсаттарға сәйкес бөлімдердің жұмысын бақылайды; (3) егер бөлім өз мақсаттарына қол жеткізе алмаса, бас кеңсе тиісті бөлімнің не себепті мақсатқа қолжеткізбегенін анықтау үшін араласады, қажет болған жағдайларда түзету шараларын қолданады.

Айырбас бағамының өзгеруі және бақылау жүйелері

Көптеген халықаралық компаниялар фирмадағы барлық бюджеттер мен өнімділік деректерін «корпоративтік валютамен» көрсетуді талап етеді, бұл әдетте фирма отанының валютасы. Мәселен, американдық көпұлтты компанияның малайзиялық филиалы бюджетті малайзиялық рингитте емес, АҚШ долларында ұсынады және штаб-пәтерге өткізілетін жыл ішіндегі өнімділік көрсеткіштері туралы мәліметтер де АҚШ долларында әзірленеді. Бұл әртүрлі елдердегі филиалдар арасындағы салыстыруды және штаб-пәтердің басқаруын жеңілдетеді. Сонымен қатар, ол елеулі бұрмалауларды енгізу жыл ішінде айырбастау бағамының өзгеруіне алып келетінін де ескереді. Мысалы, Малайзиядағы филиал пайданың белгіленген мақсаттарына өнімділікке байланысты емес, басқа, мысалы, долларға қарсы рингит құнының төмендеуіне байланысты себептермен қол жеткізе алмауы мүмкін. Кері жағдайда шетелдік филиалдың өнімділігі шынайы жағдайға қарағанда жақсырақ көрінуі ықтимал.

Лессард-Лоранж моделі

Дональд Лессард және Питер Лоранждың зерттеулеріне сәйкес, осы мәселені шешу үшін халықаралық бизнесте бірнеше әдістер қолжетімді. Лессард және Лоранж бюджеттерді



белгілеуде және кейінгі көрсеткіштерді қадағалау кезінде шетел валюталарын корпоративтік валютаға аудару үшін қолданылатын үш айырбас бағамын көрсетеді:

- Бастапқы мөлшерлеме, бюджет қабылданған кездегі споттық айырбас бағамы.
- Жоспарланған болжанған мөлшерлеме, бюджет кезеңінің соңына арналған айырбас бағамының болжамы (яғни, форвардтық мөлшерлеме).
- Аяқталу мөлшерлемесі, бюджет пен өнімділікті салыстырылатын кездегі споттық айырбас бағамы.

Саяси және экономикалық тәуекелді реттеу

Шетелдік инвестициялар мүмкіндіктерін талдай отырып, компания шетелдің орналасу мен байланысты туындайтын саяси және экономикалық тәуекелдерді қарастыруы керек. Біз оларды капитал салымдарын бюджеттеу әдістерін тәуекелдерді ескере отырып, қалайша түзетуге болатынын қарастырудан бұрын талқылаймыз.

Саяси тәуекел

Саяси тәуекел әлеуметтік толқуларды немесе тәртіпсіздіктерді басынан өткеріп жатқан елдерде, сондай-ақ, қоғамның негізгі сипаты әлеуметтік тұрақсыздықтың ықтималдығы жоғары елдерде көбірек болады. Саяси тәуекел жоғары болған кезде елдің саяси ортасында шетелдік фирмаларға қауіп төндіретін өзгерістердің орын алу ықтималдығы жоғары. Төтенше жағдайларда саяси өзгерістер шетелдік фирмалардың активтерін экспроприациялауына әкелуі мүмкін. Осындай жағдай 1979 жылы Иран революциясынан кейін американдық фирмаларға қатысты орын алды. Соңғы онжылдықтарда тікелей экспроприациялау тәуекелдерін нөлге дейін төмендеді. Дегенмен жүйелі заңнаманың болмауы және тиісті құқық қорғау қызметінің жоқтығы және мемлекет тарапынан келісімшарттарды жүзеге асыру мен жекеменшік құқығын қорғауға дайын болмауы шетелдік көпұлтты компаниялардың активтерінің нақты түрде экспроприациялануына әкелуі ықтимал.

Қаржылық менеджмент: қаржылық шешім қабылдау

Қаржыландыру түрлерін қарастырған кезде халықаралық бизнес шетелдік инвестицияларды қаржыландыру мәселесін назарға алуы керек. Егер сыртқы қаржыландыру талап етілсе, онда фирма ол үшін капиталдың жаһандық нарығын қолдануды немесе қабылдаушы елдегі қайнар көздерден қарызға алуды шешуі керек. Егер фирма жобаны қаржыландыру үшін сыртқы қайнар көздерді іздейтін болса, онда ол барынша арзан қаражат көзінен қаржы алуды қалайды. Фирмалар өз инвестицияларын қаржыландыру үшін жаһандық капитал нарығына жиі жүгіне бастады. Капиталдың құны, әдетте, оның көптеген ішкі нарықтарында, әсіресе кішкентай және салыстырмалы түрде тиімсіз нарықтарға қарағанда, ауқымы мен өтімділігіне байланысты жаһандық капитал нарығында төмен болады.

Транзакциялық шығындарды төмендету

Транзакциялық шығындар – айырбас шығындары. Фирма ақша қаражаттарын бір валютадан басқа валютаға ауыстарған сайын, ол транзакциялық шығындарды – транзакцияны жүзеге асыру үшін шетел валютасының дилерлеріне төлейтін комиссияны шығарады. Көптеген банктер ақшаны бір жерден басқа жерге ауыстыру үшін ақы алады; бұл транзакциялық шығындардың басқа түрі. Фирмаішілік транзакциялардың нәтижесінде туындауы мүмкін



комиссиялар мен жөнелту төлемдері айтарлықтай болуы мүмкін; Біріккен Ұлттар Ұйымы мәліметтеріне сәйкес олардың көлемі трансұлттық корпорациялардың әртүрлі ұлттық еншілес бөлімшелері арасындағы халықаралық сауда-саттық мәмілелерінің 40%-ын құрауы ықтимал. Осындай мәмілелердің көлемі құндылықтарды құру жөніндегі өзара байланысы бар іс-шаралардың ғаламдық деңгейде таратылған желісі бар фирмада жоғары болуы және көп жақты желілер көпұлтты фирмаға операциялардың санын азайту арқылы оның еншілес бөлімшелері арасында көптеген мәмілелер орын алған кезде пайда болатын операциялық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Салық ауыртпалығын басқару

Әртүрлі елдерде әртүрлі салық режимдері бар. Мысалы, дамыған елдердің арасында корпоративтік табыс салығы бойынша ең жоғары мөлшемелер Ирландиядағы 12,5%-дан АҚШ-қа қоса есептегенде бірнеше елдерде 35%-ға дейін өзгереді. Германия мен Жапонияда дивидендтер ретінде акционерлерге бөлінетін табыстар бойынша салық мөлшерлемесі төмен, ал Францияда акционерлерге бөлінетін табыс салығы жоғары. Америка Құрама Штаттарында бұл көрсеткіш штаттан штатқа қарай өзгереді. Федералдық ең жоғары мөлшерлеме 35%-ды құрайды, бірақ штатта төленетін корпоративтік табыс салығы да бар, штаттағы және жергілікті салықтар 0%-дан 12%-ға дейін жетеді, демек табыс салығының орташа мөлшерлемесі 40%-ды құрайды.

Көптеген ұлттар өздерінің елінде орналасқан заңды тұлғалардың осы ел шекарасынан тыс табысынан салық табуға құқығы бар деген дүниежүзілік принципке сүйенеді. Осылайша, Америка Құрама Штаттарында тіркелген неміс еншілес кәсіпорынның кірістеріне АҚШ үкіметі салық сала алады. Қосарланған салық салу шетелдік еншілес компаниялардың кірістеріне қабылдаушы елдің және бас компанияның ішкі үкіметі де салық салған кезде жүзеге асырылады. Алайда қосарланған салық салу салық несиелерімен, салық салу туралы шарттар және кейінге қалдыру принципі бойынша жеңілдетіледі. Салық несиесі фирмаға отандық үкіметке төленетін салықты шетелдік үкіметке төленген салық сомасына азайтуға мүмкіндік береді. Екі елдің арасындағы салық салу туралы шарты – пайда алынған ел үкіметімен салық салынатын кіріс тармақтарын анықтайтын екі ел арасындағы келісім. Мысалы, АҚШ пен Германия арасындағы салық салу туралы келісім АҚШ фирмасына неміс еншілес компаниясынан дивидендтер түрінде келген кез келген пайдадан Германияда салық төлеу қажет еместігін білдіреді. Төлемдер мерзімін кейінге қалдыру принципі бас компанияларға еншілес компаниялардан нақты дивидендтер түскенге дейін шетелдік еншілес компанияның табысына салынатын салықтың болмайтынын көрсетеді.

Көптеген елдерде іскерлік әрекеттері бар халықаралық бизнес үшін әртүрлі салық режимдері мен салық салу туралы шарттар фирма өзінің шетелдік еншілес компаниялары мен бас компания арасындағы ішкі төлемдер жүйесін қалай қалыптастыруы керек екендігіне маңызды әсерін тигізеді. Фирма өзінің ғаламдық салықтық міндеттемелерін барынша азайту үшін трансферттік бағаларды және несие беруді пайдалана алады. Бұған қоса, шетелдік еншілес компаниядан бас компанияға жөнелтілетін кіріс бұл фирманың жаһандық салық міндеттемесін азайту үшін құрылымдалуы мүмкін. Кейбір фирмалар салық міндеттемелерін барынша азайту үшін Багам және Бермуд аралдары сияқты салық айлақтарын пайдаланады. Салық айлағы – табыс салығы мүлдем жоқ немесе өте төмен ел. Халықаралық бизнес салық айлағында толықтай әрекет етпейтін еншілес ұйымды құру арқылы табыс салығынан қашады немесе оларды кейінге қалдырады. Салық айлағында орналасқан еншілес компаниясы қызмет етіп жатқан шетелдік еншілес компаниялардың қарапайым акцияларына ие. Бұл қызмет етіп жатқан шетелдік еншілес компаниялардан қаражатты бас компанияға аударуға, кейін оларды еншілес ұйым арқылы салық айлағына бағыттауға мүмкіндік береді. Шетелдік операциялардың өсуі жалғасып жатса және салық айлағында орналасқан бөлімшеден ішкі жаңа қаржыландыру талап етілсе, онда бұл дивидендтерді төлеуді анықталмаған уақытқа кейінге қалдыруға болады.

Көптеген американдық көпұлтты компаниялар үлкен салықтық теңгерімін шетелдік салықтық айлақтарда ұстайды, өйткені олар Америка Құрама Штаттарына репатриацияланған



кезде АҚШ-тың корпоративтік салықтарын төлегілері келмейді. Бағалаулар бойынша, американдық көпұлтты компаниялардың шетелдік салық айлақтарында жинақталған шетелдік табыстары 2 трлн \$ құрайды. Салықтан жалтарған еншілес компанияларында үлкен ақшалай холдинг бар компанияларға Apple, Cisco Systems, Microsoft және Google кіреді. Apple-дің өзі ғана шетелдік балансында өзінің қысқа мерзімді бағалы қағаздарының шамамен 70%-на ие. Майкрософт корпорациясы салық айлақтарында орналасқан еншілес ұйымдарында ұстайтын өзінің «ақшалай қаражатының» үлесі 88%-ды құрайды.

Кейбіреулер салықты болдырмау үшін шетелде осындай ақшалай қаражаттардың қалдығын сақтауды тиімсіз деп санайды және егер ақша қаражаттары Америка Құрама Штаттарына репатриацияланған болса, оған салық төленеді және қалған қаражат акционерлерге дивиденттік төлемдер мен акцияларды сатып алу ретінде қайтарылатын еді. Салық несиелерінің арқасында, мысалы, Microsoft корпорациясы шетелде ұсталатын ақшаны АҚШ-қа қайтару туралы шешім қабылдаса, онда корпорация сол ақшаға 30%-ға жуық көлемде корпоративтік салық мөлшерлемесін төлеуі мүмкін. Бірақ дәлелдің мәні – салықтардың төленуінен кейін акционерлер арасында таратылуы тиіс ақшаның айтарлықтай бөлігі қалады.

Түйін

Бұл дәрісте негізінен халықаралық бизнестегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық менеджмент мәселелері қарастырылған. Бухгалтерлік есеп пен стандарттар тәжірибесі елден елге бір-бірінен неліктен ерекшеленетінін түсіндіреді және елдің бухгалтерлік есеп тәжірибесін үйлестіру жолындағы қабылданып жатқан әрекеттерді талдайды. Дәріс барысында келесідей қорытындылар жасалды:

1. Әр елдегі бухгалтерлік есеп жүйелері жергілікті бухгалтерлік ақпаратқа қатысты талаптарға жауап ретінде дамыды. Бухгалтерлік есеп және аудит стандарттарындағы ұлттық айырмашылықтар елдердің қаржылық есептіліктерінің жалпы салыстырылмауына әкелді.

2. Мұндай салыстырмалықтың болмауы айтарлықтай қиындықтар туғызды, себебі соңғы онжылдықтарда трансұлттық қаржыландыру және трансұлттық инвестициялар өте жоғары қарқынмен өсті. Сәйкестіктің болмауы әсерінен фирмаға өзінің инвесторларына бухгалтерлік есептің түрлі тәжірибесіне негізделген қаржылық есептіліктердің бір-бірінен айтарлықтай ерекше болуын түсіндіру қажет болуы ықтимал.

3. Әртүрлі елдердегі бухгалтерлік есеп стандарттарын үйлестіру жолында ең маңызды қадам Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары кеңесі тарапынан жасалды.

4. Көптеген халықаралық бизнестерде жыл сайынғы бюджет шетелдік еншілес компанияларды бақылайтын негізгі құрал болып табылады. Жыл ішінде штаб-пәтер еншілес ұйымның жұмысын өзінің бюджетінің қаржылық мақсаттарымен салыстырады және жетіспеушілік туындаған кезде өзінің арасалуын таңдайды.

5. Көптеген халықаралық компаниялар фирмадағы барлық бюджеттер мен өнімділік деректерін корпоративтік валютада көрсетуді талап етеді. Бұл салыстыруды жеңілдетеді, бірақ бақылау процесін бұрмалайды. Себебі, тиісті айырбас бағамы уақыт өте келе шетелдік еншілес компанияның бюджетінде бекітілген мөлшерден және оны бағалау сомасынан өзгеруі мүмкін. Лессард-Лоранж моделіне сәйкес осы мәселені шешудің ең жақсы тәсілі – корпоративтік валютаға бюджет көрсеткіштері мен өнімділік көрсеткіштерін аудару үшін жобалаудың споттық айырбас бағамын қолдану.

6. Трансферттік бағалар бақылау процесіне елеулі бұрмаланулар енгізуі мүмкін, осылайша бюджетті белгілеу және еншілес ұйымның жұмысын бағалау кезінде ескерілуі керек.

7. Әлемдік капитал нарығындағы капиталдың құны ішкі нарықтағы құнға қарағанда төмен. Демек, басқа шарттар бірдей болған жағдайда, фирмалар жаһандық капитал нарығынан қарыз алу арқылы өз инвестицияларын қаржыландыруды қалайды.

8. Жаһандық капитал нарығынан қарыз алу қабылдаушы ел үкіметінің ережелерімен немесе талаптарымен шектелуі мүмкін. Мұндай жағдайларда, капиталды бюджеттеуде қолданылатын дисконт мөлшерлемесі осы жағдайды ескеру үшін жоғары қарай қайта қаралуы тиіс.



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 6. Халықаралық бизнестің қызметі

Дәріс: 25. Халықаралық бизнестегі бухгалтерлік есеп және қаржы

9. Фирма жергілікті валютаның құнсыздануы күтілетін елдерге инвестициялар үшін жергілікті борыштық қаржыландыруды қарастыруы мүмкін.

10. Жаһандық ақша қаражатын басқарудың негізгі мақсаттары фирманың ақша қаражатын барынша тиімді пайдалану және фирманың жаһандық салық міндеттемелерін барынша азайту болып табылады.

11. Орталықтандырылған депозитарийде қолма-қол ақшаны ұстау арқылы фирма өз ақшалай қорларын тиімдірек инвестициялауы мүмкін. Ол өтімділігі жоғары шоттарда ұстауды қажет ететін қолма-қол ақшаның жалпы мөлшерін азайта алады. Осылайша жоғары пайыздық шоттарға немесе материалдық активтерге инвестициялауға арналған ақшаны босатады.